



ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ  
ЖАЛАҚЫСЫ ӨСЕДІ

2



ДИНМУХАМЕД ҚОНАЕВ –  
ДӘУІР ТҰЛҒАСЫ

5



№1-2 (742). 16 қаңтар, 2026 жыл

*Өзгені сынағанша, өзінді түзет!*

# ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



## ӘЛЕМ КАРТАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ: КЛИМАТТЫҚ БОСҚЫНДАР ДӘУІРІ

Әлем картасы бізге тұрақты, өзгермейтіндей ал континенттер, аралдар, жағалаудағы қалалар – бәрі мықты әрі ұзаққа төзімді болып көрінеді. Алайда ХХІ ғасырда ғаламшар географиясы көзіміздің алдында өзгере бастады. Климаттың өзгеруінен кейбір аралдар су астына кетіп, қалалар су басу қауіпімен бетпелі келуде. Бұрын ғылыми фантастика сюжетіндей көрінген жағдай бүгінгі күні миллиондаған адамдар үшін шындыққа айналды. Бұл неге болып жатыр, қазір қандай аумақтар жойылып бара жатыр және адамзатты алдағы уақытта не күтіп тұр?

Біз ойлағаннан да жылдам өзгеріп жатқан климат салдарын миллиондаған адамдар қазірдің өзінде сезіп отыр. Мұхит деңгейінің көтерілуі, дауылдардың күшеюі және жағалаулардың бұзылуы бүтін аралдарды және жағалаудағы қалаларды қауіп аймақтарына айналдырады. Біреулер үшін бұл болашаққа арналған болжам болса, біреулер үшін күнделікті өмір. Аралдар мен жағалаудағы қалалардың жоғалуына басты себеп – адам әрекетінен туындаған жаһандық жылыну. Ол жағалаудағы аймақтардың өміріне және инфрақұрылымына қауіп төндіретін қауіпті процесін іске қосады.

Теңіз деңгейінің көтерілуі жердің орташа температурасын көтеруде. Гренландия мен Антарктида мұздықтары еріп, мұхит суы жылынып, көлемі ұлғайды. Соңғы жүз жыл ішінде мұхит деңгейі 20 сантиметрден астам көтерілді. Бір қарағанда бұл аз болып көрінгенімен, төменгі аралдар мен жағалаулар үшін бірнеше сантиметрдің өзі қауіпті. Жағалаудың эрозиясы және дауылдар, климаттың өзгеруі жағалау сызықтарын бұзды. Жағалаулар дерлік «жойылып», құрлық біртіндеп азая бастайды. Топырақ пен ауыз судың тұздануы Аралдарда теңіз суы топыраққа және жер асты көздеріне еніп, ауыл шаруашылығы, ауыз су үшін зияны тиюде.

(Жалғасы 6-бетте).



## « ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНІҢ БАСТАУЫНДА ТҰР...»

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады. Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқытыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәлі-

меттерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚР Президенті

«Turkistan» газетіне берген сұхбатынан

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



СТАЛИНГЕ ХАТ ЖАЗҒАН  
ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

6



ҚАЗАҚ КЕЛІНДЕРІНЕ  
АЙТАРЫМ БАР...

7



## ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒАСЫН БЕКІТУ ҰСЫНЫЛЫП ОТЫР

БАҚ өкілдері 2026 жылдың қаңтар айындағы статистика бойынша жылжымайтын мүлік бағасы 15%-ға өскенін, ипотекалық бағдарламалар бағасы да көтеріліп жатқанын айтып, осы ретте министрден қандай шаралар қолданып жатқанын сұрады. Қуандық Қажкеновтің айтуынша, министрлік нарықтық қатынастарды реттемейді, ол – тұрғын үйді сатушылар мен сатып алушылардың төлем қабілетіне негізделген еркін қатынас.

«Бұл тетіктерді Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі ретінде реттеуге біздің құқығымыз жоқ. Алайда 2025 жылдың қорытындысын алып қарайтын болсақ, құрылыс саласындағы баға қалыптастыруға қатысты жеке бөлім бар және оны Құрылыс кодексі аясында күшейттік. Біз үй құрылысы комбинаттары салатын тұрғын үйлердің шаршы метрінің құнын реттейміз.

...Біз тұрғын үйді нарық салсын, ал жергілікті атқарушы органдар дайын тұрғын үйді нарықтан сатып алып, оны кезекте тұрған азаматтарға берсін деген тетікке көштік», – дейді вице-министр.

Қажкеновтің мәлімдеуінше, Республика бойынша жалдамалы тұрғын үйдің орташа шаршы метрінің құны – 326 мың теңге.

«2026 жылға арналған тұрғын үйдің бір шаршы метрінің құнына келсек, 10 желтоқсаннан кейін жүргізілген талдау нәтижесінде республика бойынша орташа баға 347,3 мың теңге болады деп болжанып отыр. Бұл көрсеткіш климаттық ерекшеліктерге, сейсмикалық жағдайға және басқа факторларға байланысты өзгереді», – дейді ол.

Ал жалдамалы тұрғын үйлердің бағасын, вице-министрдің айтуынша, Өнеркәсіп министрлігі реттейді.

«Қазір Құрылыс істері комитетімен




бірлесіп, бағаны бекіту және оны үй құрылысы комбинаттары арқылы жүргізу тетігін пысықтап жатырмыз. Елдің әр өңірінде дерлік үй құрылысы комбинаттары бар. Егер белгілі бір көлемді офтейк-келісімшарт арқылы (ұзақ мерзімді келісім, сатып алушы тұрғын үйді сатып алуға алдын ала кепілдік береді) алдын ала келіссек, бағаны 2-3 жылға белгілеуге болады. Қазіргі ұсынысымыз осындай», – деді өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі.

Сондай-ақ ол Астана мен Алматыдағы тұрғын үйлерді арнайы аралап шыққанын атап өтті. Оның айтуынша, бизнес немесе элиталық санаттағы тұрғын үйлерді санамағанда, 3-4 санаттағы тұрғын үйлердің бір шаршы метрінің құны нарықта 400-450 мың теңге шамасында.

## ЖАНАРМАЙ КҮРТ ҚЫМБАТТАМАЙДЫ

Әлеуметтік желіде Қазақстанда бензин бағасы көтерілетіні туралы қауесет тарады. Энергетика министрлігі бұл ақпаратты жоққа шығарып, АИ-92 бензинінің бағасын көтеруге енгізілген мораторий әлі күшінде екенін хабарлады. Министрдің кеңесшісі – ресми өкіл Әсел Серікпаеваның айтуынша, бұл шара инфляцияны тежеу мақсатында енгізілген.



«Жанармай бағасы күрт қымбаттайды деп болжанып отырған жоқ, жағдай мемлекеттің бақылауында. 2027 жылдан бастап ЕАЭО аясында мұнай мен мұнай өнімдерінің ортақ нарығын құру мәселесіне келсек, бұл үдеріс кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Мұнда әңгіме заңнамаларды үйлестіру туралы болып отыр, басқа елдермен бағаны бірден әрі автоматты түрде теңестіру көзделмейді», – деді ол.

Әсел Серікпаева кез келген интеграциялық процестер барысында Қазақстанның ұлттық мүдделері мен азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатына басты басымдық берілетінін атап өтті.

«Сонымен қатар, объективті нарықтық факторларды елеусіз қалдыруға болмайды. Көршілес мемлекеттермен

баға айырмашылығының үлкен болуы арзан отынның заңсыз түрде сыртқа шығарылуына, яғни «сұр экспортқа» жол ашады. Бұл ішкі нарықта жасанды тапшылық қаупін тудырады», – деп түсіндірді ол. Бұдан бөлек, оның айтуынша, қазіргі төмен бағалар инвестиция тарту мүмкіндіктерін шектеп отыр, ал Шымкент, Атырау және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарын кеңейтуге, сондай-ақ төртінші мұнай өңдеу зауытын салуға қомақты қаражат қажет.

«Мораторий аяқталғаннан кейін нарықтық бағаға көшу жұмыстары біртіндеп жүзеге асырылады. Барлық шешім нақты экономикалық жағдай мен халықтың табыс деңгейі ескеріле отырып қабылданады», – деп түйіндеді ведомствонның ресми өкілі.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа еңбекақы жүйесі аясында офицерлердің жалақысы 23%-ға, әскерилер мен сержанттар құрамының жалақысы 10%-ға көтерілетіні жоспарлануда. Бұл туралы Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі мәлім етті, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.



## ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ ӨСЕДІ

Министрліктің мәліметінше, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап офицерлік құрамның жалақысы орта есеппен 20,3 пайызға, ал қатардағы және сержанттық құрамдікі 33,9 пайызға артты. 1 шілдеден бастап әскери қызметшілерге далалық шығуларға, теңіз жорықтарына және оқу-жаттығуларға қатысқан әрбір тәулік үшін іссапар рәсімдемей-ақ, 1,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде далалық төлемдер төлене бастады.

Алдағы уақытта да қосымша өзгерістер жоспарланған. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі аясында жалақыны арттырудың екінші кезеңі іске асады. Яғни, офицерлер үшін тағы 23 пайызға, ал қатардағы және сержанттық құрам үшін бірінші кезең деңгейінен 10 пайызға өсіру көзделген, – делінген Қорғаныс министрлігінің хабарламасында.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету саласы да елеулі түрде дамыды. 2025 жылғы 17 қарашадан бастап «Отбасы банк» тұрғын үй төлемдерін алатын әскери қызметшілерге арналған арнайы ипотекалық өнімдерді іске қосты. Бастапқы жарнасы 20 пайыздық «Әскери баспана» бағдарламасы қайталама тұрғын үй нарығынан баспана сатып алуға бағытталған. Алдын ала қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме жылына 18 пайыз және тұрғын үй құнының 50 пайызы жинақталған кезде 5 пайызға төмендейді. «Наурыз әскери» бағдарламасы бастапқы жарнасыз жаңа құрылыстан пәтер сатып алуға мүмкіндік береді. Астана мен Алматы қалаларында қарыздың ең жоғары сомасы 36 млн теңгеге дейін, басқа өңірлерде 30 млн теңгеге

дейін, ал бастапқы жарна 20 пайыздан асқан жағдайда 80 млн теңгеге дейін жетеді. Қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме жылына 9 пайызды құрайды.

2025 жылы әскери қызметшілердің отбасыларын қолдауға да ерекше көңіл бөлінді. Әскери қызметшілердің мыңнан астам баласы «Балдәурен» балалар сауықтыру орталығында демалып, денсаулықтарын нығайтты. Бұл Қорғаныс министрлігінің әлеуметтік саясатының маңызды бөлігіне айналды.

Сарбаздар мен олардың отбасыларына түсетін қаржылық жүктеме де азайтылды. 20 мыңнан астам мерзімді әскери қызметші жалпы сомасы шамамен 8 млрд теңгені құрайтын «несиелік демалысты» пайдаланды. Сонымен қатар қызмет барысында сарбаздар еңбек нарығында сұранысқа ие ауыр жүк көлігінің жүргізушісі, экскаваторшы, байланыс маманы, ди-зелист-электрик, парамедик және басқа да кәсіптер бойынша жұмысшы мамандықтарын тегін меңгере алады. Оқу аяқталған соң оларға сертификаттар беріледі.

Әлеуметтік саясаттың жаңа бағыты – әскери қызметшілерді қызметтен кейінгі өмірге даярлау. Қорғаныс министрлігі зейнетке шығар алдында әскери қызметшілерді бейімдеу бағдарламасын іске қосты. Енді олар әскери жоғары оқу орындарының базасында мектептерде алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ беру үшін, сондай-ақ әскери кафедраларда жұмысқа орналасу мақсатында тегін қайта даярлаудан өте алады. Бұл шешім офицерлердің кәсіби әлеуетін сақтауға және азаматтық қызметке біртіндеп көшуіне мүмкіндік береді.

Қаңтар айында өтетін ҰБТ басталды, ол 10 ақпанға дейін жалғасады. 187 мыңға жуық адам ҰБТ-ға қатысуға өтініш берді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 20 мыңға көп. Олардың 75,2%-ы қазақ тілінде, 24,6%-ы орыс тілінде, 189 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтуге өтініш білдірді, деп хабарлайды ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі.



## ҰБТ ФОРМАТЫ ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛМАҚ

Талапкерлер өтініш беру барысында тестілеу күнін, уақытын және пунктін өздері таңдады. Ең көп таңдалған бейіндік пәндер комбинатциясы – «Математика-Физика», оны талапкерлердің 19,2%-ы таңдаған. Яғни, бұл – болашақ мұғалімдер, инженерлер, механиктер, техниктер мен технологтар, энергетиктер, құрылысшылар. Ал 16,9%-ы «Биология-Химия», 9,7%-ы «Шығармашылық емтихан» пәндерін таңдады, сәйкесінше болашақ медициналық қызметкерлер мен шығармашылық саласының мамандары.

ҰБТ барысында калькулятор, Химиялық элементтердің периодтық жүйесі (Менделеев кестесі) және тұздардың ерігіштік кестесі тестілеу бағдарламасында қолжетімді болады. Тест тапсырушылар тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға өтініш бере алады. Апелляцияға өтініш берген тестіленушілердің сертификаты апелляциялық комиссияның шешімінен кейін талапкердің жеке кабинетінде шығады.

2026 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің форматы өзгеріссіз қалады. Талапкерлер үш

міндетті пәнді және таңдауы бойынша екі бейіндік пәнді тапсырады. ҰБТ тапсырмаларының жалпы саны – 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» пәндерінен 10 тапсырмадан, сондай-ақ екі бейіндік пәннің әрқайсысынан 40 тапсырмадан беріледі. ҰБТ бойынша ең жоғары балл да өзгермейді және 140 балды құрайды. Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут). Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталатынын айта кету керек.

Қаңтардағы ҰБТ-ға шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданғандар, шығармашылық ББТ-дан ақылы негізде басқа дайындық бағыттарына, педагогикалық бағытқа ақылы негізде ауысқысы келетіндер, өткен жылғы мектеп және колледж түлектері, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, шетелде білім алған ҚР азаматтары, сондай-ақ мектеп бітіретін түлектер жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін қатысады.



## Салт-дәстүр сабақтастығы

# ЕҢ ӘДЕМІ КИІМ – ҰЛТЫҢНЫҢ КИІМІ

Қазақтың ұлттық киімдерінің бірі саналатын кимешек туралы не білеміз? Олардың кескіні әр өңірде әртүрлі болып келетінінен хабардарсыз ба? Кимешекті келіншек босағанда жөргек, кейде тіпті адам қайтыс болғанда көбін ретінде пайдаланғаны туралы ше?

Иә, ана мәртебесін асқақтатып, әйел затына деген құрметті айшықтайтын бұл бас киім ғасырлар бойы қазақ қоғамында ерекше мәнге ие болып келді. Кимешек – тек бас киім емес, киелі мұра. Кимешек киген ана қай жерде де төрден орын алады. Ол әйел затының абыройын айқындайды. Бүгінде ұмыт бола бастаған осы құндылықты жаңаша жандандырып, заманауи өмірге бейімдеп жүрген жандардың да еңбегі зор. Солардың бірі – ұлттық киімді, оның ішінде кимешекті насихаттауды өмірлік мұратына айналдырған шымкенттік қолөнер шебері Ақмарал Жұматайбекқызы.



Ол титімдейінен ине-жіпке жақын болып өскендіктен, төрт жасында-ақ атасының қол тігін машинасына отырып, ине сабақтап, түзу тігістер тігуді үйренген. Сондықтан шығар, 15 жасында-ақ кәсіби түрде тігін тігуді игеріп алды. Бұған әжелері Мейіргүл мен Жаңылсын, сондай-ақ нағашы атасының тігіншілік өнері үлкен ықпал етті.

Отбасылық өмір мен тұрмыс та оның өмір жолына жаңа жауапкершілік жүктеді. Төлеби ауданына қарасты Төңкеріс ауылындағы көпбалалы отбасының келіні атанған Ақмарал үшін тігіншілік тек кәсіп емес, тіршілік көзіне айналды. Ел үшін ауыр тоқырау жылдарына тап келген жас ана отбасын асырау үшін үй жағдайында тігін тігумен айналыса бастайды. Төртінші қызын дүниеге әкелген соң бала тәрбиесіне байланысты кәсібін уақытша тоқтатқанымен, 2007-2008 жылдары жеке кәсіпкер ретінде ательеде жұмысын қайта жандандырады. Дәл осы кезеңде оған күнделікті киім тіккізуге келген хиджаб киетін қыз-келіншектердің бірінің: «Күнделікті өмірде кимешек көптеп табылмайды. Ұлттық киіміміз нарықта нәліктен кенінен сұранысқа ие емес? Егер сіздер тіккеніздер, біз неге алмасқа?» – деген сұрағы оның өмірінде жаңа бағыттың басталуына себеп болды. Асылында, бұл сауал Ақмаралды терең ойландырып тастады.



«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» деген ұлы даналардың сөзіне үйілген Ақмарал көп ойланбастан кимешек тігу ісін қолға алады. Алдымен өзі оқыған №25 мектептің кітапханасынан «Қазақтың ұлттық киімдері» кітабын тауып, кимешектің тарихын, пішімі мен тігілу тәсілдерін зерттейді. Кітаптағы суреттерді телефонна түсіріп алып, тәжірибе арқылы ұлттық бас киімді қайта өмірге әкеледі. Көп ұзамай ұлының мектебінде өткен ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған отбасылық байқауда кимешек киіп қатысып, жүлделі бірінші орынды иеленеді. Бұл жеңіс оның көпшілік арасында ұлттық киімге сұраныстың артуына деген сенімін нығайтып, жігерін одан әрі жани түсті.

Зерттеу барысында ол кимешектің тамыр-тарихына біршама қанық болып, ұлттық бас киімнің тәрбиелік мәніне де ерекше назар аударды.

– Қазақ дәстүрінде әйел дүниеге бала әкелген соң ғана кимешек киген екен. Себебі бала емізу кезінде кимешек төсті жауып тұрады. Оның үстіне әйел баласын жалаңбас отырып емізсе шайтан түртіп, баланы аузына қайызғақ түсіп кетеді деп ырымдаған көрінеді. Ал кішкентай қыздар мен ұзатылатын бойжеткендер тақия, бөрік секілді бас киімдермен жүрген. Яғни қазақ әйелдері ешқашан жалаңбас болмаған.

Жас келіншектер кимешектерін түрлі өрнекпен әшекейлеп, сән-салтанатпен киген. Кимешектің үй шаруасына арналған қарапайым түрлері және қонаққа, жиын-тойға киетін сәнді нұсқалары болған.

Сол себепті әйелдер кимешекті жағдайға қарай бөлек пайдаланған. Ертеде кимешектер алтын зерлі жіптермен кестеленіп, аса қымбат бағаланған. Халық оны кейде алты құлынды биеге теңеген.

Өзім кәсіби этнограф-зерттеуші болмасам да, жүрген жерімде, Көкшетау, Қызылорда, Семей секілді еліміздің кез келген өңіріндегі мұражайларға бас сұғып, кимешектің түп-тұқиянымен тереңірек танысуға тырысамын. Бір байқағаным, кимешектердің кескіні әр өңірде әртүрлі болып келеді екен, – дейді ол.

Сонымен қатар, қолөнерші кимешектің күндігі туралы да біршама қызықты ақпарат айтты. Күндік – кимешек үстінен сәндеп оралатын бөлігі.

– Күннен қорғаныш болып табылатындықтан оның атауын күндік деп атаған. Ертеректе басқа орайтын күндіктің ұзындығы 2 метрден 40 метрге дейін жеткен. Ол кезде матаның ені кішкентай, шамамен 50-80 см болған. Сол мәлмәл матаны басқа күндік ретінде қолданған. Мұның мәнісі, күндік көптеген қолға жараған. Мысалы, жол-жөнекей келіншек босағанда, жөргек ретінде ораған. Кейде жазатайым жарақат алған жағдайда жарақатты таңу мақсатында пайдаланған. Кейбір жерлерде ас қоятын дастарханнның орнын да алмастыра алған.

Көш кезінде кенеттен кісі қаза тапқанда мәйітті орайтын кебін мақсатында да қолдануға мәжбүр болған. Ақырет киімі саналатын кебінді ер азаматтар сәлде етіп ораса, аналарымыз күндік етіп тартқан деседі.

Жалпы, қазақ даналығында кимешектің киелілігін айқындайтын тағылымды деректер көптеп кездеседі. Соның бірі – ел аузында сақталған мынадай оқиға. Бірде кедей отбасына түскен жас келіннің үйіне қадірлі қонақ келеді. Үйіндегі көне көрпешенің жыртқы-жамауын жасыруды ойлаған келін амалсыздан бетіне күндікті төсейді. Алайда келген қонақ киелі деп танылған күндікке отырмай, оның астындағы көнетоз көрпешеге жайғасқан екен. Бұл әрекет кимешек пен күндіктің қазақ қоғамында аса қастерлі, қасиетті бұйым саналғанын аңғартады. Осы бір мысалдың өзі кимешектің әйел затына ғана емес, тұтас ұлт танымындағы айрықша орнын айқын көрсетеді, – дейді ол.

Ақмарал Жұматайбекқызы қолөнер шебері шығармашылығын шыңдау мақсатында 2019 жылдың қаңтар айында Instagram парақшасын ашып, өз кәсібін кеңінен таныта бастайды. Бұған дейін өз қолынан шыққан ұлттық киім – кимешектерді Шымкенттегі «Самал» базарында саудалаған болатын. Кейін Facebook пен TikTok әлеуметтік желілері арқылы да танымалдығы артып, тапсырыстар көбейді. Ол кимешектің кестелі, шашақты, әшекей тастармен безендірілген түрлерін тігеді. Сонымен қатар, жас келіндерге арналған желектің сан алуан нұсқасын ұсынып, бүгінде оның да өз тұтынушысын қалыптастырып үлгерді. Қазіргі таңда оның кимешектеріне Алматы, Астана, Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар қалаларынан сұраныс жоғары. Бұдан бөлек, Ресей, Польша, АҚШ, Корея елдеріне де Қазпошта арқылы жөнелтіледі.

«Мақсатым – кимешек тігіп, оны келер ұрпаққа аманат ету. Сол арқылы қазақ әйелінің асыл болмысын сақтай алсам деген арманым бар», – деп түсіндірген Ақмарал Жұматайбекқызы Шымкент, Жезқазған, Ұлытау өңірлерінде ұлттық киімдер, оның ішінде ерекше киелі мәнге ие кимешектердің дефилесін де өткізді. Сол арқылы қазақ әйелінің абыройын айшықтайтын, ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптейтін өнерді насихаттады. Тіпті, ұлттық өнерге қосқан елеулі үлесі еленіп, ол профессор атағына да ие болды. Кимешек арқылы кәсіп жасап қана қоймай, ұмыт бола бастаған қазақ болмысты қайта жаңғыртып жүрген осындай жанашыр жандар барда ұлттық мұрамыздың ғұмыры ұзақ болары сөзсіз.

Әлия ӘУЕСБЕКОВА

## Технология

# ОҚУШЫЛАР ЖОЛ АПАТЫНЫҢ АЛДЫН АЛАТЫН ҚҰРЫЛҒЫ ОЙЛАП ТАПТЫ

Қазіргі таңда жол-көлік оқиғаларының артуы қоғам үшін үлкен алаңдаушылық тудырып отыр. Әсіресе жүргізушінің көлік тізгінінде қалғып кетуі көптеген қайғылы жағдайларға себеп болуда. Осы мәселені шешуге бағытталған бастаманы Шымкент қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-11 сынып оқушылары – Дінмұхаммед Келесбай, Алихан Әкім және Ернар Даулет бірігіп жүзеге асырды. Олар жүргізушінің көз қимылын бақылау арқылы ұйқышыл күйді анықтайтын жасанды интеллектке негізделген арнайы құрылғы ойлап тапты.



Жол қауіпсіздігі мәселесіне жеке тәжірибесі арқылы тоқтала отырып, құрылғыны жасауға не түрткі болғанын Дінмұхаммед Келесбай өз көзқарасы тұрғысынан баяндайды.

– Бұл құрылғыны жасауға күнделікті өмірде жол-көлік апаттарының жиілеуі түрткі болды деп айта аламын. Жүргізушінің ұйқыға кетуі – көптеген апаттардың басты себебі. Мәселен, өзім де апта сайын үйім мен оқу орным арасында кешкі уақытта 3 сағаттай ұзақ жол жүремін. Сол себепті жолда «көз ілініп кетудің» салдарынан жүргізушімен қатар жолаушылардың да зардап шегетін жағдайлары мені бейжай қалдырмады. Бұл құрылғы жүргізушінің қалғып бара жатқанын дер кезінде ескертуге арналған. Дыбыстық сигнал арқылы адам сергіп, тоқтап демалуға немесе қауіпсіз шешім қабылдауға мүмкіндік алады. Менің ойымша, бұл бастама тек жүргізушінің ғана емес, жолаушылардың да өмірін сақтауға көмектеседі. Құрылғы бірнеше жүргізушіге сынақтан өткізілді, нәтижесінде он пікірлер айтылды. Бұл оның қоғам үшін қажет екенін көрсетті.

Құрылғының қалай жұмыс істейтінін және оның техникалық мүмкіндіктерін түсіндіре отырып, бұл жүйенің ерекшеліктеріне Алихан Әкім тоқтатады.



– Мен мұнда құрылғының техникалық бөлігін біріктіруге үлесімді қостым. Жүйе жасанды интеллектке негізделген және камера арқылы жүргізушінің көз қимылын бақылайды. Егер адам жиі жыпылықтаса немесе көзін ұзақ уақыт жұмса, құрылғы оны анықтап, дыбыстық белгі береді. Бұл жүргізушінің сергектігін қайта қалпына келтіруге көмектеседі. Құрылғы Raspberry Pi компьютері мен камера көмегімен жасалды. Көлемі шағын болғандықтан, оны кез келген көлікке оңай орнатуға болады. Қуат көзіне қосылып, зарядтау арқылы жұмыс істейді. Сонымен қатар, біз жүйені азиат нәсілді адамдардың көз құрылымына бейімдедік. Себебі кейбір дайын құрылғылар мұндай ерекшелікті ескермей, жалған сигнал беруі мүмкін.

Идеяның пайда болуынан бастап, модельдеу мен дизайн кезеңіне дейінгі үдеріс туралы ой қозғай отырып, Ернар Даулет өз тәжірибесімен былай-ша бөлісті.

– Бұл идея бастапқыда сыныптасым Дінмұхаммед екеуіміздің ортақ ойымыздан туындады. Жол апаттарының басты себептерінің бірі жүргізушінің қалғып кетуі екенін түсініп, осы мәселені шешетін құрылғы жасауды мақсат еттік. Жұмыс барысында түрлі кедергілерге кезіктік. Әсіресе құрылғының бөлшектерін бір жүйеге келтіру оңай болған жоқ. Бұл кезеңде Алихан техникалық жағынан үлкен көмек көрсетті. Мен құрылғының модельдеуі мен сыртқы дизайнымен айналыстым. Оны шағын әрі қолдануға ыңғайлы етіп жасауға тырыстық. Құрылғы көлік салонына оңай орнатылады және қуат көзіне қосылып, зарядтау арқылы жұмыс істейді. Сынақ кезінде жүргізушілер оның тиімді екенін атап өтті. Менің ойымша, бұл бастама қоғамдық көлік, қалааралық бағыттағы және такси жүргізушілері үшін өте қажет әрі инвестициялық тұрғыдан да тиімді.

Жас өнертапқыштардың бұл еңбегі оқушылардың қоғамдағы өзекті мәселелерге бейжай қарамай, нақты әрі пайдалы шешім ұсына алатынын дәлелдейді. Жасанды интеллектке негізделген құрылғы жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Болашақта бұл бастаманың жетілдіріліп, кең көлемде қолданылуы көптеген адамның өмірін сақтауға мүмкіндік беретіні анық.

Ә. ТАСТАНБЕКҚЫЗЫ



# ҚАЗАҚ БАРДА, ҚОНАЕВ БАР

Қаңтар айында айтулы бір күн бар. 12 қаңтар. Халқы Димаш деп еркелеткен Қонаевтың туған күні. Осы күні көптеген қазақстандық ел басқарған, жүректерінде ерекше орын алған тұлғаға деген құрметін көрсетеді, естеліктерін бөліседі. Тұрған жерлерінде ескерткіші бар болса, гүл шоқтарын қояды. Бұл жиында жас та, қария да, бала да жүреді. Жылда солай. Жалпы әлем тарихында қазақтан басқа билеушілерін ел болып еркелетіп, айдарлап ат қойған халық бар ма, жоқ па, бұл зерттелетін тақырып екен. Белгілісі, қазақ ширек ғасыр Қазақстанды басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты Димаш деп атады, әлі солай атайды. Бүгінгінің баласы Димаш атамыз дейді. Осы мақаланы дайындау барысында ойымызда осы есім қалай пайда болды екен деген сауал көлденеңдеді. Ізденіп көрдік.



## ҰЛЫЛАРДАН ҚАЛҒАН ӨНЕГЕ

Белгілі ғалым Әсілхан Оспанұлының ұлы Бердалы Оспан өзінің «Қазақтың Қонаевы» атты еңбегінде «Дінмұхамед Ахметұлының Димаш деп аталу тарихын белгілі ел басшыларының бірі Нұртас Ондасынов былай деп еске алады: «Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы қызметінде жүргенімде Шығыс Қазақстан облысына іссапармен барып, елді аралап, облыс ауыл шаруашылық жайымен көбірек таныстым. Соңғы күнімді атақты қызыл түсті металл комбинатына арнадым. Қасыма комбинаттың бас инженері жас қазақ жігітін қосты. Ол ұзын бойлы келген, салиқалы да, сабырлы, өндіріс техникасын жақсы білетін, білгір металлург екен. Мен білмейтін көп жайлармен кеңінен таныстырып, мағлұмат берді. Білімдар, іскер мінезіне қайран қалдым. Астанаға келген соң басшылықпен келісіп, аппаратқа шақырып, он жылдай орынбасарлық қызметті қалтқисыз атқарды. Ол Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев болатын. Пленумдарда, сессияларда немесе күнделікті мәжілістерде Дінмұхамед деген ұзын есімді атаудың орнына Димаш деп ат қойып едім, ел-жұрт осылайша қоштап, қуаттап кетті...» деп жазыпты. Ұлылардан қалған өнеге осындай екен.

Елімізде Қонаев атындағы мектеп те, көше де аз емес. Қонаев салдырған қалалардың бірі Қапшағай бүгінде Қонаев қаласы аталады. Талдықорған облысының орталығы. Үшінші мегаполис Шымкентте Қонаев атында даңғыл бар. Сол даңғылдың Тәуке хан даңғылымен қиылысқан тұсында ескерткіші тұр. Еңселі емес, бірақ бұл ескерткіштің еңсесін халықтың ықыласы көтеріп тұр. Биыл да 12 қаңтарда ескерткіш жанына ірі мемлекет және қоғам қайраткерінің көзін көрген замандастары, ізінен ерген, қамқорлығын көрген інілері, есімін құрмет тұтатын жасы бар, жасамысы бар бір қауым ел, қала билігінің өкілдері, Қонаев мектебінің оқушылары жиналды. Гүл шоқ-



тары қойылды, естеліктер айтылды. Ұсыныстар да болды. Соның ішінде Шымкент қаласының жаңа тынысы «Шымсити» аумағындағы осы аттас саябаққа Дінмұхамед Ахметұлының аты берілсе, «Қызғалдақ» сарайының алдына еңселі ескерткіші орнатылса деген ұсынысты жиналғандар құп алды. Егер қазына тарапынан қаражат тапшылығы болса, ел боп қаржы жинауға дайынбыз десті. Бұл да елдің Қонаевқа деген ықыласының ерекше екенін көрсетсе керек.

Қонаев пен Асқаровтың қатар тұрған ескерткішін бұдан оншақты жыл бұрын кәсіпкер Ержан Қалдыбаевтың өз қаржысына құйдырғанынан қоғамның хабары бар. Қос алыптың пікірлесіп тұрған сәтін көрсеткен мүсіннің өзі 3,5 метрді, тұғырғағымен қосқанда 7 метр. Бірақ түрлі себептермен бұл сәулет туындысы әлі күнге Шымқаланың ескерткіштер тізімін толықтыра қойған жоқ.

2027 жылы аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, академик, техника ғылымдарының докторы үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлының туғанына 115 жыл толады. Биыл айтылған ұсыныстар сол датаға дайындықтың басы болса керек.

# ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҚОНАЕВ

Жеңісбек МАУЛЕНҚҰЛОВ,  
Түркістан облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы

## Еңбекке деген құрметі ерекше болатын



Мен Дінмұхамед Ахметұлы алғаш рет мектеп бітірген жылы көрдім. 1960 жылдардың шамасы. Оңтүстікте іссапарда жүрген мемлекет басшысы Жамбыл облысына өтіп бара жатқанда жолай Түлкібас ауданының «Қызыл Жұлдыз» колхозына соғып, егістігіне тоқтады. Менің анам баптап жүрген егіс алқабына. Жүгері 40 гектар жерге егілген болатын. Егістік сол кездің жаңа әдісі «шәрбат» суымен суғарылып жатқан. Сушылар жерден қауыз жасап оған органикалық тыңайтқыш төгіп сумен араластырып, жүгеріні сонымен суғаратын. Анам сушылардың жетекшісі. Әлі көз алдымнан кетпейді, жүгерінің биіктігі 2 метрден асатын, биік еді. Қонаев өзі бойшаң кісі ғой. Ол кісінің бойынан асып тұрды. Собықтары да бұрынғымен салыстыруға келмейді, әлдеқайда көп. Димаш Ахметұлы жап-жасыл жүгері алқабына риза көңілмен қарады, жұмысшыларға рахметін айтып, құрмет көрсетті, табыс тіледі. Аудан, колхоз басшылығына мынадай жұмыс істеп жатқан еңбеккерлерге құрмет көрсету керек, бағалау керек деп ескертті. Маған ол кісі осының бәрін анама айтып тұрғандай әсер етті. Жанымда тұрған басқа балалар да Димаш аға осы сөздерді осында жұмыс істеп жүрген аналарына айтқандай қабылдап, бір-бірімізге біраз уақытқа дейін ол кісінің әңгімесін қайталап айтып жүрдік.

Аналарымыздың да қуанышында шек болмады. Үлкен кісінің қарапайымдылығына риза болып «Сендер де қызметке барсаңдар бірінші кезекте еңбекті бағаландар» деп үлгі етті.

Аналарымыздың еңбегін бірінші басшының осылай ерекше құрметтеуі, қарапайымдылығы менің көңілімде мәңгіге қалып қойды. Біз де сол кісідей болсақ деген үмітпен еңбекке араластық. Мұнан кейін де жұмыс барысында ол кісімен бірнеше рет жүздестім. Бірақ алғашқы жүздесудің орны бөлек.

Ол кісі келгенде дастархан жайылады. Асты аттап кетпейтін. Міндетті түрде дәмәуыз тататын. Димаш ағаның ең сүйікті асы қолдың ыстық таба наны мен күбіден алынған сары май еді. Тағы бір ерекше қасиеті – адамдардың атын есте сақтау қабілеті өте жоғары болатын. Оған талай куә болдық. Ол кісі кеткен соң сонда жүрген адамдардың бәрі қонаққа әзірленген астан ырым деп дәм тататын. Баламыз, ұрпағымыз осы кісідей елін сүйсін, қарапайым болсын деп. Тіпті, аяғы тиген киізді кесіп-кесіп, үйлеріне алып кететін. Елдің Дінмұхамед Ахметұлына деген пейілі, ниеті, көңілі, махаббаты осындай болды. Бұл көп мемлекет басшыларының басына бұйыра бермейтін бақ деп ойлаймын. Дінмұхамед – Димаш деген есімді қазақ баласына әлі қойып келеді. Мұнан артық қандай мойындау керек!

Дархан МЫҢБАЙ,  
мемлекет және қоғам қайраткері

## Алып тұлға байсалды...



12 қаңтар – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туған күні. Ол туралы көп кітаптар жарық көрді, әлі де жазылып жатыр. Бәрібір, оның өзінің жазғаны маңыздырақ екені даусыз. Әсіресе, сол кезеңде түсірілген суреттер фотоайғақ ретінде көп нәрсені аңғартады. Кітапқа сілтеме жасап, соның бірнешеуін желіге жариялауды жөн көрдік.



«Я коренной житель Верного, ныне Алматы. Очень люблю город моего детства и юности, имеющий свою, хоть и небольшую, но богатую историю. В 1854 году на месте разрушенного войсками и набегами древнего казахского поселка Алматы, разместившегося на северном склоне Зайлийского Алатау, было заложено укрепление «Зайлийское», переименованное позже в Верное. В 1867 году Верный приобрел статус города и стал центром Семиреченской губернии. После революции в 1921 году город получил свое первоначальное имя по предложению Ураза Джандосова, видного партийного и государственного деятеля. В

1924 году он стал центром Семиречья. Когда построили Турксиб, столицу Казахстана перевели из Кызыл-Орды в Алма-Ату. Не только алмаатинцы, но и гости – наши и зарубежные – считают казахстанскую столицу одним из красивейших городов страны. Город-сад отметил 8 декабря 1981 года рождение миллионного жителя...»

Каждый человек должен знать свою родословную. Не уходя в глубокую древность, могу только сказать, что мои предки берут свое начало от Байдыбека, джигита Старшего жуза. Мое ближайшее генеалогическое древо выглядит следующим образом: Жолым – Нурмамбет – Азнабай – Конай – Жумабай – Минлиахмед – Дин-

мухамед.  
(Из книги «Динмухамед КУНАЕВ»  
Составитель, дизайн: Мурат Мусин  
Консультанты: Диар Кунаев, Анатолий Горяинов  
Редактор-корректор: Валентина Есимбекова при участии Гульмиры Бекмуратовой и Ларисы Ариуткиной  
Обработка и ретушь фотографий: Вадим Гапаров

Все материалы любезно предоставлены: Диаром Кунаевым, Анатолием Горяиновым, Центральным Государственным архивом кинофотодокументов и звукозаписей и Домом-музеем Д. А. Кунаева)



Асқар КЕНЕХАН,  
Бәйдібек ауданының  
Құрметті азаматы



## Балам қалай Димаш атанды?

2012 жылдың 11 қаңтарының түнгі сағат он-он бірлер шамасы болатын. Шымкент қаласындағы Фосфор ауруханасының перзентханасында, іштен жақсы жаңалық күтіп тұрмын. Ұялы сымтетігім шыр ете қалды. Перзентханада жұмыс істейтін Айгүл әпкем: «Ал, құтты болсын. Өмірге ұл келді. Үлкен азамат болсын», – деп сүйінші сұрады. Қуанғаннан көзімнен бір тамшы жас ыршып түсті. Олай болатыны, үш қыздан кейінгі ат ұстар ұлым дүниеге келді.

Дереу жан-жаққа қоңырау шалып, жолдастарыма дәмханаға дастархан жайып жатқанымды жеткізіп жатырмын. Бүгін мен үшін «Ақ түйенің қарны жарылған күн» деп қоямын.

Даудырап дәмханада отырмыз. Көрші столда отырған егде жасқа келіп қалған ағамыз қол сағатына қарады да бәрімізге естірттіп:

– Ал, айналайын бауырларым, Қонаев атамның туған күні құтты болсын. Бүгін аталарың 100 жасқа толды. 100 жылдық мерейтойды мейлінше бүкіл ел болып атап өту керек, – деп бәрімізді құттықтады да: – Той-тойға ұласты, айналайын Асқаржан, ұлың осы атасындай елдің ұлы болсын, есімін Дінмұхаммед қой, – деп қуанышқа ортақ екенін білдірді. Жолдастар да: «Солдай болсын!» – деп кеу-кеулеп жатыр.

Көптен күткен ұлым, менің де ойлап жүрген есімім бар ұлыма. Осыдан ұл дүниеге келсе, атын Асанбай қоямын деп жүретінмін. Асанбай Асқаров. Ойымды айтсам, ешкім құлақ асқысы келмейді.

– Ұлымның Асанбай Асқаровтай тұлғалы азамат болып өскендігін қалаймын, Дінмұхаммед деп қоя алмаймын. Әкемнің туған інісі Ақбаев Айдархан ағамның кенже ұлының есімі – Дінмұхаммед, үлкен бажамның ұлының есімі де – Дінмұхаммед. Бір әулетте үш Дінмұхаммед болмайды ғой, – деп ақ тер, көк тер боп түсіндіремін. Әңгімемізді тыңдап отырған ағамыз қайта әңгімеге араласты:

– Айналайын-ау, бұл деген балаға келген бақ қой. Қонаев Дінмұхаммед 100-ге келгенде, өмірге Дінмұхаммед Асқарұлы келді. Қандай керемет. Әрине, сенікі де жөн, бірақ түсіндіруге болады ғой, қане, дереу қоңырау шалып рұқсатын ал ағаларыңның, – деп жол тауып кетті. Содан түнгі сағат бірде ағама қоңырау шалып, жағдайды айттым. Ол кісі бірден: «Асқар, ол – Айдарханұлы Дінмұхаммед, сенікі – Асқарұлы Дінмұхаммед. Қоя бер Димаш ағаның есімін, – деп келісімін берді. Бажам да солай деді.

Міне, біздің Димаш өмірге осылай келген еді. Бүгінде 14-тегі бозбала. Димаш атасындай ел адамы болсын деп күнде тілеймін. Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың біртуар болмыс иесі екенін айтамын. Өзі де атасы туралы деректерді жинастырып жүреді. Осылайша біздің үйде бір «димаштанушы» өсіп келеді. Баланың есімінің тарихы, жалпы мағынасы болған маңызды деп ойлаймын.



Бегалы АБДУАЛІ

## Боралдайдағы көпір Қонаев тапсырмасымен салынған



Бәйдібек ауданының Боралдай ауылындағы өзен үстінен өткен көпір Дінмұхаммед Ахметұлының сеп болуымен салынған. Ол көрнекті қайраткердің Кеңес Одағы уақытында Бәйдібек ауданына іссапармен келіп, сол уақытта тасып жатқан өзенді көріп, мәселенің маңызды екенін түсінгенін жеткізді. Сөйтіп облыс басшысына тапсырма беріп, көпірді бір жылдың ішінде салынуына септігін тигізген.

Халықтың жүрегінен орын алатын тұлғалар көп болмайды. Олар өмірден өткенімен ісі, ізі жалғаса береді. Өйткені, ол іс, ол із – ізгіліктің, адамшылықтың, кісіліктің сүрлеуі.

# ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ – ДӘУІР ТҰЛҒАСЫ

Дінмұхаммед Ахметұлы – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, КСРО, шет ел ордендері мен медальдерінің иегері. Ол отыз жылдан астам уақыт ел басқарды.

Дінмұхаммед Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында, қызметкердің отбасында өмірге келген. Ысты тайпасының Ойық руынан шыққан. Әкесі Меңдіахмет Жұмабайұлы 1886 жылы туған. Алматы облысында ауылшаруашылық, сауда мекемелерінде жұмыскер болып істеген. Қазақ, орыс тілдерінде жаза, оқи білетін сауатты болған. Анасы Зәуре Баирқызы (1888 жылы Шелек (бұрынғы атауы Чилик) ауданында (қазіргі Алматы облысы) туған) үй шаруасында бала тәрбиесімен айналысқан.

1930 жылы Алматыдағы №14 орта мектепті бітіргеннен кейін, 1931-1936 жылдары Қазақстан Өлкелік комсомол комитеті Дінмұхаммед Қонаевты Мәскеудің Түсті металл институтына оқуға жібереді. Еңбек жолын 1936 жылы Қоңырат кенішінде бастады. Ол дипломын Қоңырат карьерінің қуаттылығын 90 мың тонна кара мыс беруге жеткізу жөнінде жазып, оны үздік бағамен қорғап шығады. Өзі жұмыс істеген үш жылда бұрғылау станогының жұмыскерлігінен бастап цех бастығы, рудниктің техника бөлімінің меңгерушісі, бас инженері, директоры болып қызмет атқарды. Осындай қажырлы еңбегі үшін 1938 жылдың шілде айында «Ерекше еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Бұл оның бірінші марапаттау белгісі еді. Аз уақытта іскер басшы, зор талап иесі болып көрінген Д.Қонаевты Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті 1939 жылы Ридер кен басқармасының директорлығына ұсынды. Өйткені Ридер полиметаллкомбинатының жұмысы, әсіресе шикізат кеніштері ақсап қалған еді. Бұл ұсыныс кенді Алтайдың экономикасын жедел көтеруге жасалған шара болатын. Сонымен Орталық Комитет жас коммунист Қонаевқа зор сенім білдірді, ауыр міндет жүктеді. Тұралап қалған аса ірі кәсіпорынның жұмысын жолға қою оңай болмасын білсе де, Димекен «жігіт аспайтын бел, жүрмес жол болмайды» деп тәуекелге бел байлады. 1942-52 жылдары Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің орынбасары болды. Одан кейін 3 жыл Ғылым Академиясының Президенті болып қызмет атқарды.

Д. Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Ол билік басында болған уақыт қайшылықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Республика Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып екі кезең – 1955-60 және 1962-64 жылдары жұмыс істеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы (1960-1962 және 1964-1986) және КОКП ОК саяси бюросының мүшесі.

Дінмұхаммед Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кенті мен 43 қала пайда болды. Оның ішінде, өнеркәсіп орталығы болып саналған Рудный, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Ақтау), Никольский, Степногорск, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары салынды. Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тынайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды. Дінмұхаммед Ахметұлы арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70 пайызынан астамы, мырыштың 40 пайызынан астамы қазақ жерінде өндірілді. Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш таукен-металлургия комбинаттары, Ермаков пен Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кенінің көлемі артты.

Өскемен, Орал, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Алматы қалаларында көлік жасау зауыттары құрылды. Алматы ауыр машина жасау зауыты шығарған



өнім әлемнің 40-тан астам мемлекетіне таралды. Қазақ жерінің аумағында көмір мен мұнай кен орындары ашылып, Қазақстан отын-энергетика өнеркәсібінің ірі орталығына айналды. Тараз және Шымкент қалаларында орналасқан комбинаттар сары фосфор өндіру бойынша әлемде бірінші орында болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев ғылым саласында орасан зор қызмет етті. 100-ден аса ғылыми еңбектер мен зерттеулер жазды. Біраз ғылыми жұмыстарын шаруашылық пен өндірістік тәжірибеден өткізді. Өз еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екендігін іс жүзінде дәлелдеген еді. Өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, ол жас ғалымдарды қолдап, білім жүйесіне ерекше көңіл бөлді.

Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхаммед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордaları салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды.

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың бастамасы бойынша қазақ жерінің сол кездегі астанасы Алматы қаласында Үкімет үйі, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің ғимараты, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының ғимараты тұрғызылды. Қала көшелерінің саны артып, жаңа тұрғын үйлер салынып, 12 ықшам аудан ашылды. Мектеп пен балабақша ғимараттарының құрылысы басталып, Оқушылар сарайы жас өнерпаздарға есігін айқара ашты. Республика сарайы, Спорт және мәдениет сарайы, «Медеу» спорт кешені, Ұлттық кітапхана, цирк сынды мәдениет, білім және спорт нысандары бой көтерді. Авто, аэро және темір жол вокзалдары, әуежай, «Алматы», «Отырар», «Жетісу», «Алатау», «Достық», «Қазақстан» қонақүйлері салынып, қала көркін ашты.

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев Республика партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен, танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой-өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдер білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең түсініп, қолдай білді.

Қазіргі таңда елімізде:

- Қонаев қаласы;
- Алматы қаласында ескерткіш-бюст;
- Астана және Алматы қалаларында көшелер, Үлкен Алматы каналы;
- Орал қаласында шағын аудан;
- Тараз қаласында орталық көше және бюст;
- Талдықорғанда көше, сәулетті кешен және бір жоғарғы оқу орны;
- Алматы қаласында жекеменшік университет;
- Өзбекстанның астанасы Ташкент қаласында орталық көше бар.

1992 жылы Алматыда Халықаралық Қонаев қоры құрылса, 1994 жылы Алматы қаласында Д.А.Қонаевтың мұражайы ашылды. Шымкент қаласында орталық гүлзар және сол гүлзар бойында мұражай бар.

Есбол АСЫЛБЕКОВ



## СТАЛИНГЕ ХАТ ЖАЗҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Сталинге ультиматум қойып хат жазған қазақ қызын білесіз бе? Оны Болгарияда өлтірген кім? Заманында бай, бақуатты әулет Маман байдан тараған ұрпақтың атақ-даңқы аспандап тұрған еді. «Қазақ» газетінің тоқтап қалмауы үшін қаржылай қолдау көрсеткен, қазақтағы тұңғыш романға бөйге жариялаған, Мамания мектебінің негізін салған бұл әулет туралы көптеп жаза беруге болар.



Халида Маманова Талдықорған облысы Ақсу ауданында дүниеге келген. Ауқатты, текті әулеттен шыққан Халида 10 жасында әкесімен бірге қуғын-сүргінге ұшырап, Пермь қаласына жер аударылады. Қапал қаласы құрылысында ерен еңбегі үшін Ресей империясы әкесі Есенқұл Мамановқа граф деген титулды берген болатын. Қазан төңкерісінен соң, қазақ даласындағы бай-бағландардың, текті тұқымның қуғын-сүргінге ұшырағаны бәрімізге белгілі. Бір ғана Маман әулетінен он бес адам ату жазасына кесілді. Сол әулеттен шыққан, сол әулетке қатысы бар 36 отбасын жер аударып жіберді. Біздің кейіпкеріміз медицина ғылымының докторы Халида Маманова осы әулеттің тұқымы еді.

Халида Есенқұлқызы ата жолымен білім қуғысы келеді. Әуелі қысқа курстарда, одан кейін техникумға, сосын медицина институтына оқуға түседі. Бірақ «байдың қызы» Халиданың тегін білген соң оны оқудан және комсомол қатарынан шығарады. Алайда, түрлі сынақтардан өтіп, оқуын қайта жалғауға мүмкіндік алған Халида 1941 жылдың 31 желтоқсанында Молотов атындағы Қазақ медицина институтын тәмамдап, емдеуші-дәрігер мамандығын алды. Содан соң Ғылым академиясында физиология институтының аспиранты болып, тағы да оқуда қалды.

1942 жылдың ақпанында әскер қатарына шақырылды. Медицина институтының түлегіне лейтенант шені берілуі тиіс болатын. Бірақ Халидаға ондай лауазым бұйырмады. Тіпті оған медбике болуға да рұқсат етілмеді. Міне, осы уақытта Халида Маманова Сталинге хат жазады. Хаттың мазмұны «Халық жауы болсам, айыпкерлер ротасына жіберіңіз. Тірі қалсам, менен және туыстарымнан бүкіл айыпты алып тастаңыз» дегенге саятын. Осылайша Халида айыпкерлер батальоны – штрафбатқа кетеді.

Соғыстан оралған соң да Халида Маманова штрафбаттағы азабы туралы ешкімге ақтарылып сырын ашпапты. Одан соң Халиданы авиабатальонға ауыстырды. Әскери қызмет №821 батальонда жалғасып, Халида амбулаторияның бастығы болып тағайындалды. Батальон Сталинградтың түбіндегі кескілескен айкасқа басынан аяғына дейін қатысты. Одан соң 4-Украина, 3-Беларусь майданының құрамында Балтық жағалауын азат етіп, 1 және 2-Украина майдандарының құрамында Польша, Чехославакия, Германия, Австрияны азат етті. Халида Берлинге дейін тірі жетеді.

1943 жылы Халида Есенқұлқызына медициналық қызметтің аға лейтенанты деген шек берілді. Одан бөлек, «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-45 жылдары Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен және «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. 1945 жылы майданда жарақат алып, елге

қайтарылды. 1946 жылдың ақпанынан бастап Қазақ медициналық академиясында патологиялық физиология кафедрасына ассистент қызметімен жұмысқа тұрып, 1950 жылдың қыркүйегінде кандидаттық диссертациясының тәжірибелік кезеңін аяқтады. Бірақ тағы да ата-бабасының бай болғандығы Халиданың жолын кесті. Оған ғылыми жұмысын қорғауға мұрша бермеді.

Халида еңбегін Мәскеуде қорғап, медицина ғылымының кандидаты деген атақ алды. Кейіннен бүкіл кеңестер елінде «дәрігерлер ісі» басталғанда, Халида Есенқұлқызы да осы алақұйынның назарына ілікті. Жетекшілері Халидаға тауға кете тұруды, кейін бәрі орныққасын, сақтандыру дәрігері болып оралуға кеңес берді. Содан соң Халиданы Қарағанды қаласындағы медицина институтына жіберді. Ал 1959 жылы Ақтөбе қаласында жаңадан медицина институты ашылып, ректоры болып тағайындалған курстасы кафедра меңгерушісі ретінде шақырды. Халида сол қызметте жиырма жыл тапжылмай жұмыс істеді. Дәл сонда отырып, докторлық диссертациясын қорғады. 1969 жылы жоғарғы аттестациялық комиссиясының шешімі бойынша, медицина ғылымының докторы атанды. Қатерлі ісік туралы ғылыми еңбектері Парижде өткен халықаралық конгресте оқылды.

Докторлық диссертациясын Мәскеуде қорғап, елге оралған соң Халида Есенқұлқызы студенттер арасында халық аспаптары ансамблі құру туралы бастама көтерді. Сол-ақ екен, обкомнан шақыртып, дереу дәрігерді «ұлтшыл» деп айыптап, «социалистік ағарту және білім беруге қауіп туғызушы» ретінде бағалады. Халиданың Мексика мен Орталық Америкаға жасамақ болған сапарының жолын кесті. Тек социалистік Болгарияға баруға ғана рұқсат етті.

Ақтөбе дәрігерлерінің делегациясының құрамында Болгарияға аттанған Халида Маманованың бірнеше күн демалыстан соң суға кеткен денесі табылған. Судмедэксперттер оның кешқұрым суға кеткенін айтады. Ал туыстары, таныстары оның дәл сол мезгілде суға түскенді ұнатпайтынын тілге тиек етеді. Марқұмның денесінен көгерген үлкен дақ байқалған. Оны дәрігерлер суға кеткенде бірденеге ұрып алуы мүмкін деп болжам жасаған. Бәлкім, әлдекім ұрған да болар? Марқұмның денесін тек екі апта өткен соң ғана туыстарына берген.

Қазақстан Республикасының 1993 жылы 14 сәуірде шыққан «Репрессия құрбандарын жаппай ақтау туралы» заңына сәйкес, Халида Есенқұлқызы Маманова репрессиядан зардап шегуші деп танылып, ақталды. Қазіргі таңда Ақтөбе қаласындағы Оңтүстік-Батыс ауданының бір көшесіне Халида Есенқұлқызы Маманованың аты берілген.

Есбол АСЫЛБЕКОВ

Музей – адамзат жадының сақтаушысы, ал музей жәдігері – сол жадтың үнсіз тіл қататын куәгері. Әрбір жәдігер өз дәуірінің тынысын, сол кезеңдегі адамдардың өмір салтын, дүниетанымын, арман-мүддесін бойына сіңіріп сақтайды. Ол сөйлемейді, бірақ терең ойға жетелейді, қозғалыссыз тұрса да, тарихты тірілтеді.



## МУЗЕЙ ЖӘДІГЕРІ – ӨТКЕННІҢ ҮНСІЗ КУӘСІ

Жәдігердің ерекшелігі – оның үнсіздігі. Ол бізге дайын жауап бермейді, керісінше ойлануға, салыстыруға, тарихты терең түсінуге шақырады. Бір ғана жәдігерді тамашалау арқылы тұтас бір дәуірдің рухын сезінуге болады. Осы үнсіз тіл арқылы музей адамды өткенмен сырласуға жетелейді. Жәдігерлердің маңызы, әсіресе, жас ұрпақ үшін зор. Кітаптан оқыған тарих музейдегі нақты заттар арқылы шынайы әрі әсерлі қабылданады. Бұл – патриоттық сезімді оятатын, ұлттық болмысты қалыптастыратын маңызды құрал.

Музей жәдігерлерін сақтау – тек өткенді құрметтеу ғана емес, болашақ алдындағы жауапкершілік. Әрбір жәдігер – орны толмас құндылық. Егер ол жойылса немесе ұмытылса, тарихтың бір парағы мәңгіге жоғалады. Сондықтан музей қызметкерлерінің еңбегі аса маңызды: олар жәдігерлерді зерттеп, қалпына келтіріп, келер ұрпаққа аманат етеді.

Әрбір жәдігер түрі белгілі бір кезеңнің өмір салтын, мәдени деңгейін және рухани дүниесін айқындайды. Әр музей жәдігерінің өзіндік тарихы бар. Ғалымдар оны «жәдігердің өмірбаяны» деп атайды. Ол заттың қай жерде, қашан, қан-

дай мақсатта қолданылғанынан бастап, музейге қалай түскеніне дейінгі жолды қамтиды. Осы деректер жәдігердің ғылыми құндылығын арттырып, оның маңызын терең түсінуге көмектеседі. Бүгінгі таңда музейлер заман талабына сай дамып келеді. Сандық технологиялар арқылы жәдігерлер 3D форматта көрсетіліп, виртуалды экскурсиялар ұйымдастырылуда. Бұл алыстағы адамдарға да ұлттық мұрамен танысуға мүмкіндік береді. Дегенмен, түпнұсқа жәдігердің орны бөлек: оны көру, сезіну ерекше әсер қалдырады.

Жәдігерлерді қастерлеу – өз тарихымызды, мәдениетімізді, ұлттық болмысымызды құрметтеу деген сөз. Сондықтан музейге бару – жай ғана серуен емес, өткенмен тілдесу, тарихтан тағылым алу. Әсіресе, оқушылар үшін музейдегі әрбір экспонат – тірі сабақ. Ол баланың ой-өрісін кеңейтіп, зерттеуге, салыстыруға, сұрақ қоюға үйретеді. Музейлік сабақтар мен экскурсиялар білімді есте сақтауды жеңілдетіп, тарихқа деген қызығушылықты арттырады.

Г.ҚОҢЫРБАЕВА,  
музей қызметкері

Алда бізді не күтіп тұр?

## ӘЛЕМ КАРТАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ: КЛИМАТТЫҚ БОСҚЫНДАР ДӘУІРІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кейбір мемлекеттер қазірдің өзінде жойылу шегінде тұр. Мысалы, Мальдив аралдары әлемдегі ең төменгі елдердің бірі. Аралдардың үлкен бөлігі ХХІ ғасырдың соңына дейін жойылып кетуі мүмкін. Ғалымдар қорғаныс бөгеттерін салғанына қарамастан, парниктік газдарын радикалды түрде азайтпаса, архипелагты құтқару өте қиын болатынын айтады. Климаттың өзгеруі тек кішкентай аралдарға ғана емес, үлкен қалаларға да қатты қауіп төндіруде. Тувалу және Кирибати Тынық мұхитындағы аралдық мемлекеттер, теңіз деңгейінен тек 1-2 метр биіктікте орналасқан. Қазірдің өзінде ауылдар үнемі су астында қалады, егіндер өледі, тұрғындар көшуге мәжбүр болады. Осы елдердің үкіметтері халықты толықтай басқа мемлекеттерге көшіру мәселесін қарастырып отыр. Венеция ұзақ уақыт бойы үнемі су басу проблемасынан зардап шегіп келеді. Теңіз деңгейінің көтерілуі мен жердің шөгуге нәтижесінде су басу аумағы ұлғайып тарихи ғимараттар бүлінуде. Тіпті қазіргі заманғы қорғаныс жүйелері де толық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайды. Индонезия астанасы Джакарта – әлемдегі ең тез батып жатқан қалалардың бірі. Теңіз деңгейінің көтерілуі, жер асты суларының қарқынды пайдаланылуы салдарынан қала шөгін жатыр. Қаланың бір бөлігі мұхит деңгейінен төменде болғандықтан, билік астананы басқа жерге көшіру шешімін қабылдады. Тіпті дамыған Майами және Нью-Йорк сияқты мегаполистер де климаттық қауіптен сақтанған емес. Жағалаулардағы су басулар, инфрақұрылымның бұзылуы, жағалауларды қорғауға кететін шығындардың өсуі АҚШ-та жиі тіркелетін жағдайлар. Жойылып бара жатқан аралдар мен қалалардың болашағы тікелей адамзат бүгін қабылдайтын шешімдерге байланысты. Климаттың өзгеруі болашақтың абстрактілі мәселесі емес. Ол қазірдің өзінде әлем картасын өзгертуде, аралдарды жоқ қылып, қалаларға қауіп төндіруде. Ау-



мактардың жойылуы адамзат әрекеттеріне табиғаттың жауабы, ескерту секілді. Бұл қауіп тек жеке елдердің тағдыры ғана емес, бүкіл ғаламшардың болашағы. Аумақтардың жойылуы тек географиялық мәселе ғана емес. Үйлерін тастап кетуге мәжбүр болған адамдар «климаттық босқындарға» айналады. Олар тек баспанасын ғана емес, туған мәдениетімен, тарихымен және дәстүрлерімен байланысын да жоғалтады. Халықаралық қауымдастық әзірге мұндай мәселелерді шешуге толық бейімделмеген, сондықтан әлемдік қауымдастыққа жаңа тәсілдер іздеу қажет.

Шешім бар ма? Климаттың өзгеруін толық тоқтату мүмкін емес, бірақ оның салдарын жұмсартуға болады. Ғалымдар мен экологтар мыналарды жасау қажеттігін атап көрсетеді: парниктік газдарын азайту, жаратылатын энергия көздеріне көшу, жағалауларды қорғау және қалаларды жаңа климаттық жағдайларға бейімдеу. Жойылып бара жатқан аралдар мен қалалар адамзатқа нақты ескерту болып табылады. Климаттың өзгеруі енді алыс болашақтың мәселесі емес ол қазірдің өзінде әлем картасын өзгертуде. Ал бүгін қабылданатын шешімдер ертең қандай аумақтар картада қалатынын анықтайды.

Д.ТАУАСАРОВА,  
«Ұлы Дала Елі» орталығы қызметкері





## ҚҰРТТЫҢ ПАЙДАСЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

Денсаулықтың құпиясын шетелден іздемейік. Ұзақ ғұмыр мен мықты денсаулықтың құпиясын біздің ата-бабамыз біледі. Қазақ халқы асты үш түрге бөледі. Олар – ақ (сүт тағамдары), қызыл (ет тағамдары) және көк (жеміс тағамдары). Мал және одан алынатын өнімдер – қазақтың басты байлық қоры. Соның ішінде ұлт тағамдарының негізгі көзі болып табылатын сүттің орны бір бөлек. Сүт тағамдарын халық бір сөзбен «ақ» деп атайды. Осы ақтан бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойы халық аса бай тәжірибе жинақтай жүре одан жүзден астам тамақ түрлері мен дайындау әдістерін жасаған.

Қазақ халқының сүттен жасалған ұлттық тағам ретінде кеңінен қолданатын тағамының өте көне түрінің бірі – құрт. Құрт ежелгі замандарда қалыптасып, дамып, бүгінгі күнге дейін өз қасиетін жоғалтпай, жақсы сақталған ұлттық тағам ретінде пайдаланылады. Құрт – малың сүтінен дайындалатын, ұзақ уақыт сақтауға арналған тағам. «Құрт» сөзі «құрғатылған, кетірілген сүт» деген мағынаны береді. Құрт жеп бойына, кейде 2-3 жылға дейін сақтала береді. Құрт – күшті ас, ол әртүрлі тамаққа қосылады. Қалтаға салып жүруге де өте ыңғайлы. Бір қап шекілдеуікпен бірдей. Көшпенді халықтардың негізгі тағамдары болған дықтан, жеңіл болуы да ескерілген. Көлемі кішірейсе де, құрамындағы дәрумендер мөлшері сол күйінде қалады. Қыр баласы жолда кетіп бара жатып қарны ашса, қалтасынан құрт алып жейді. Осылайша түстеніп алады десек те болады.

Кейбір адам құртты «аштықтан құтқаратын дәрі» деп те атайды. Бұл сіздерге белгісіз өнімнен жасалған консервілер емес. Ал сорпаны қаласақ, бірнеше құртты суға езіп ішуге болады. Оның жүрек айнығанда көмектесетін қасиеті бар. 100 грамм сузбенің қуаты 227 кк болса, құрттікі – 370,1. 100 грамм құртта 3 грамм жуық ақуыз, 3,2 грамм кальций мен фосфор қосындылары, белгілі мөлшерде А1, В2, Д дәрумендері бар. 100 грамм құрттан ағзаға 60-қа жуық килокалория беріледі.

Құрт – кальцийдің көзі, сүйектің қатаюына, көздің көруіне, тістің түзу және қайратты, азулы өсуіне, асқазанның ас қорыту сөліні қалыпты бөліні шығаруда өте пайдасы зор. Токсиканан асып, жүзге қарай бет алған қай қариядан ұзақ жасаудың сырын сұрасаңыз, міндетті түрде ағарған ішіп, құрт жейтінін айтады. Кәдімгі құрттың ұзақ өмір сүруге септігі баржоғын ғалымдар да зерттей келе зерделі ойларын паш еткен-ді.

Құртты көп жеген адамдарда ішкі секреция бездері дұрыс жұмыс атқарып, ішкі мүшелердің қызметі жақсарады. Әсіресе, қанайналымы жақсарып, түрлі бездердің қызметін жақсартады. Құрттың май құрамы төмен болғандықтан, бауырдың майлануы, іштің өтуі сияқты ауруларға шипалы ем болады және көптеген аурулардың алдын алуға көмектеседі. Кальций сүйек ұлпаларын қатайтады, коллагеннің қалыптасуына қатысады. Кальцийдің көп мөлшерін қолданатын адамдар (әсіресе әйелдер) өздерінде остеопороздың даму қаупін төмендетеді. Жасы ұлғайған кісілерде зат алмасу баяулай бастайды, сондықтан құрттың құрамында кездесетін қарттарға қажет, зат алмасуды және бауырдың қызметін жақсартатын холин және метионин деген заттар бар және құртта В тобының дәрумендері болғандықтан, қарттарда жиі кездесетін атеросклероз ауруының алдын алады. Құртты көктем, жаз айларында жеген өте пайдалы, себебі көктемде авитаминоз, яғни, дәрумендердің жетіспеушілігі

байқалады. Ал құрт оларды үйлесімді түрде толтырады. Жаз айында ыстық шай ішкен кезде, адам термен бірге тұзды да жоғалтады. Сол жоғалған тұздың орнын толтыруға құрттың көмегі зор.

Быстык күрт өкпе ауруына, суык тиіп ауырған сырқаттарға ем саналған. Жас босанған келіншектер 40 күнге дейін ана сүті құннарлы болсын деп құртқожеңі ішкен. Ал іркіттен бөлініп алынған сарысудың да адам пайдасына қосары мол. Мысалы, малдың ыстығы көтерілсе сарысуды шүберекке малып алып ауырған жануарды орап тастаса, ыстығы бірден түседі. Шашғы сабынмен жумас бұрын сарысуға батырып, одан соң 10 минуттай ұстай тұрған соң сусабынмен жуса, көлемін ұлғайтады және шаштын түбі бекіп, жылтырай түседі. Ал үш мезгіл бетті сарысумен шайса әжімденуден арылып, адам жасарады. Құймақ жасарды (блины) сүтке араластыра, құймаққа ерекше дәм береді. Сондықтан сарысуды ысырап қылуға болмайды.

Құрт осы күні көптеген ұлттардың сүйікті тағамына айналып үлгерді. Бір рет дәмін татқан соң қазақстандықтарға тапсырыс беріп жататын шетелдіктердің оқиғаларын жиі естуге болады. Құрттың пайдасы мен тағамдық құндылығы туралы көп айтуға болады және оны бәрі біледі. Алайда, қазіргі кезде құрттың ұлттық мәртебесі жоқ. Құртты сүйіп жетігін қазақ халқы қазіргі кезде оны сирек жасайды және де үлкен масштабты өндірістер жолға қойылмаған, технологиясы жасалмаған. Сүт тағамдарын жасайтын фирмалардың өнімдерінен де құртты кездестіре бермейміз.

Құрт көп жағдайда көшедегі дүңгіршектерде немесе базарларда сатылады, оны үй жағдайда жасап, шағын көлемдерін сағады. Ондай құртты бірі алса, бірі алмайды. Сондықтан, осы уақытта құрттың дәмі жоғалып бара жатыр деген қорытындыға келуге болады. Тістің бұзылуына әкелетін, құрамында қант пен консерванттары көп кәмпітті кальцийге бай құртпен алмастыру қажет. «Чупа-чупс» пен түрлі-түсті сорапын мөмпазға қатты құрт түрі – таптырмас алмастырығыш.

Құрт пен ірімшік – көшпенділер ойлап тапқан тағам. Бұл қазақ халқының жекеменшік ұлттық тағам түрі, бұны қазақтың дәстүрі мен тұрмыс-салты дәлелдейді. Құрт сөзінің аудармасы да жоқ. Қазіргі мақсатымыз – құртты ұлттық брендке айналдыру, оның жасау технологиясын жоғалтпау, технологиясын жетілдіріп, түрлі құрт түрлерін жасау, өндірісін жолға қойып, бұл тағам түрін әр қазақтың күндік тағам рационасына қосу. Сонда денсаулығы мықты, күшті батыр жігіттері және әдемі қыздары бар ұлт боламыз.

**ҚЫМБАТ АХМЕТОВА**

# ҚАЗАҚ КЕЛІНДЕРІНЕ АЙТАРЫМ БАР...

Көптен бері ойда жүрген жас қазақ аналарына айтсам деген өтінішім еді. Жасы қырыққа келіп қалған, орыс тілін ана тілім дейтін, ағылшын тілін толық меңгерген, шетелдік компанияда жақсы жалақымен қызмет ететін, бірақ әлі үйленбеген, әлі күнге анасының «құндағынан» ұзамаған «ересек сәбиді» кездестірдім. Анасы оны бар мүмкіндігін салып жақсы тәрбие мен жақсы білім беріп, өз парызын артығымен орындағанын мақтаныш етіп отыр.



Қазақ әйелі баласын бақытты ету үшін өз ортасынан, өз ұлтынан жерініп, өзге тілде, өзге елдің мінез-құлқымен өсірген. Оны әлі де мақтаныш көреді. Ал, әлгі «құндақтағы сәби» қазақ ұстаында өзін өз жасына лайық ұстай алмай, ерсі жағдайға түсті. Ол ерсілікті де анасы оның «артықшылығы» ретінде танытқысы келеді, ол отырғандарға жиіркеніш тудырғаны анық. Ойыма жоғарыдағы өлең жолдары түсті:

«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,  
Бас ұрып кара жерге жылағанын...».

Өзінгі теңірі жеріне жайлап айналып,  
Өзінің тегінен, тірегінен айрылып  
қалған мүсәпір жан құлаған қайынды  
елес етті, оған аяй қарадым. Оны сондай  
жағдайға әкелген анасына ренжі-  
дім. Адам баласы қуыршақ емес қой,  
ойына келген түрге айналдыра сала-  
тын. Оның түп тамыры, тегі бар, солар-  
дан келе жатқан ерекше киелі салт,  
кәдірлі қасиеттері бар. Баланы сен тұға-  
ныңмен, ол – белгілі бір ұлттың бөлше-  
гі, сол ұлтты жалғастырушы, белгілі  
атаның мұрагері. Оған қиянат жасауға  
анасының құқы жоқ. Анасы о баста сол  
әулетке келін болып келді. Әулеттің  
аманатын мойнына парыз етіп алды.  
Ал, бұл әйел сол аманатқа қиянат жаса-  
ған, өкінішке орай, оны өзі сезбейді.  
Бүкіл ұлтты бір нар тұлғалы азаматы-

нан айырып отыр. Отағасы болып, қасқайып төрде отыратын жаста бүгөжіктеп, қайда отырарын білмей анасына жалтақтап тұр... «Отызында орда бұзып, қырында қамал алатын» ұлт мұрагері өз орнын ала алмай сәби болып жүр.

Бала тәрбиелеп отырған қазақ келіндері, мойындарында үлкен парыз бен қарыз барын ұмытуға болмайды. Өзге елдің тілін білдір, білімін де алысын, Абай айтқандай, солармен терезесі тең сөйлесіп, өз сыбағасын жетізбеу үшін ол керек. Ал, перзенттеріңді ата-баба салты мен жол жоралғысынан бездіріп, тегін ұмыттырып, мәңгүрт етулеріңе жол беруге болмайтынын айтқым келеді. Ондай перзент өзегіне құрт түскен ағашпен бірдей. Ешнәрсеге жарамсыз. Адамды сенімді ететін – оның түп санасында қанмен берілген ұлттық код, ұлттық рух. Оны жойып ала, ол мүсәпір жаңға айналады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов айтқан «Ұлды ұлша тәрбиелесен, ұл болады, құлша тәрбиелесен құл болады» деген сөзінің мәніне үнілуді өтінемін. Ұлт болашағының санасын бұзып, өзге елдің құлына айналдырып алмайық.

**Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ**

# ЖАҚСЫ АДАМ ДЕГЕН ҚАНДАЙ АДАМ?

Жақсы адам деп – күнделікті іс-әрекеттерімен әлемді және өзі жүрген ортасын мейірімді әрі сенімге толы орынға айналдыратын адамдарды айтамыз. Оларға мінсіз болуы немесе үлкен ерлік етуі міндетті емес. Көбінесе кішігірім мейірімділік арқылы басаларға үлкен әсер етеді. Жақсы адамдар шкімді сынамайды, жауап беруге асықпай әңгіменің шын жүректен тыңдай алады. Олар сұрамасаң да көмек жасайды, көкестес алмаса, тым болмағанда шын жүректен кешірім сұрайды. Абырой-бедел таузыңға байланысты емес екенін білетіндіктен бастыққа да, тазалаушыға да бірдей құрметпен қарайды.

Жаксы адамдар, тіпті басқалар өздері де тауып көре алмаған олардың бойындағы жақсы қасиетті көре алатындығы арқылы бізге сондай ерекше әсер етеді. Олар – сенің туған күніңді ұмытпай құттықтайтын, бірнеше апта бұрын

айтқан сөздерің қалай жалғасып жатқанын сұрайтын, заттарын қолынан түсіріп алған адамға көмектесу үшін сенкейің адамдар. Жақсы адамдар аңғал емес. Позитивті күштерді саналы түрде таңдау үшін жеткілікті ауырсынуды көрген адамдар. Олар кәтеліктерін мойындап, қажет болған жағдайда кешірім сұрап, әр күн сайын жақсаруға тырысатын адамдар. Сондай-ақ олар қанша ыңғайсыз болса да, дұрыс нәрсені қорғауға батылы жететін адамдар. Олар зиянды өсектерге бой алдырмайды, басқалардың әлсіз жақтарын пайдаланбайды, мақтауға тиіс жерде мақтай алады.

Ең жақсысы не депі?! Біз бәріміз басқа біреу үшін осындай жақсы адам бола аламыз. Қолдау білдіретін жақсармалар жебіру, шынайы құлімсіреу немесе біреуге қажет кезде жай ғана бірге болу. Жақсы адамдар адамгершілік, мейірімділік ең маңызды нәрсе екенін біздің есімізге үнемі салып тұрады.

**Амантай ТОЙШЫБАЙҰЛЫ**



## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Эко-Шина» ЖШС-нің тозған шиналарды қайта өңдеу арқылы резеңке-техникалық бұйымдар өндіретін есеп жобасына арналған ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: **23.02.2026** ж. сағат **10:30**, 1-алаң – Қапал батыр көшесі, «Оңтүстік» индустриалды аймағы; 2-алаң – Қапал батыр көшесі, «Өндірістік» аймағы, 126

Жоба тапсырыс берушісі: «ЭКО Шина» ЖШС, мекенжайы: Өл-Фараби ауданы, Бекет батыр көшесі, 35-ғимарат, БСН:070540009816, тел.: +7 (7252) 54-88-09.

Жоба әзірлеушісі: «ЦНИ и ЭЭ «KazEcoHolding» ЖШС, мекен-жай: Шымкент қ. Желтоқсан, көш. 20 «Б», e-mail: [ecocentre2018@mail.ru](mailto:ecocentre2018@mail.ru), тел. +7 7252-23-29-82.

Жобалық құжаттамамен танысу [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz) порталынан қарауға болады. Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: [ecocentre2018@mail.ru](mailto:ecocentre2018@mail.ru), тел. +7 7252-23-29-82.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: [g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz](mailto:g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz), тел.: 8 (7252) 53-02-75.

Zoom конференциясына қосылу үшін сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/2488272026?pwd=JwKR9YzTYMcQB1d0aPW7KIUwGb6jq.1>

Конференция идентификаторы: 248 827 2026

Кіру коды: 123456.

Географиялық координаттары: 42°16'16.6»N 69°42'57.4»E., 42°16'17.4»N 69°44'03.0»E

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Отчет о возможных воздействиях (ОоВВ) для производства по переработке изношенных шин с получением резинотехнических изделий ТОО «Эко-Шина» расположенного площадка 1 по ул.Капал батыра, на территории Индустриальной зоны Оңтүстік 98 площадка 2 по ул.Капал батыра, на территории Өндірістік 126.г.Шымкент. Дата, время и место проведения общественных слушаний: **23.02.2026** г., в **10:30** по адресу: Индустриальной зоны Оңтүстік 98 площадка 2 по ул.Капал батыра, на территории Өндірістік 126.г.Шымкент

Заказчик проекта – ТОО «ЭКО Шина», адрес: г.Шымкент, Аль-Фарабийский район, ул. Бекет батыра, здание 35, БИН 070540009816, тел.: +7 (7252) 54-88-09.

Разработчик ОВВ: Разработчик проекта: ТОО «Центр научных исследований и экологической экспертизы «KazEcoHolding», адрес: г.Шымкент, ул.Желтоқсан, 20 «Б», e-mail: [ecocentre2018@mail.ru](mailto:ecocentre2018@mail.ru), тел.+7 7252-23-29-82.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz). Дополнительную информацию можно получить по номеру и эл.адресу: [ecocentre2018@mail.ru](mailto:ecocentre2018@mail.ru), тел.+7 7252-23-29-82.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент» по адресу: г. Шымкент, проспект Тауке Хана, 6, e-mail: [g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz](mailto:g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz), тел.: 8(7252)53-02-75.

Ссылка для входа в конференцию Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/2488272026?pwd=JwKR9YzTYMcQB1d0aPW7KIUwGb6jq.1>

Конференция идентификаторы: 248 827 2026

Код доступа: 123456.

Географиялық координаттары: 42°16'16.6»N 69°42'57.4»E., 42°16'17.4»N 69°44'03.0»E

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Эко-Шина» ЖШС мекемесіне арналған тозған шиналарды қайта өңдеу арқылы резеңке-техникалық бұйымдарды өндіретін өндіріс үшін рұқсат етілетін шығарылымдардың нормативтері жобасы үшін өндірістік экологиялық бақылау, қалдықтарды басқару бағдарламалары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: **23.02.2026** ж. сағат **11:30**, 1-алаң – Қапал батыр көшесі, «Оңтүстік» индустриалды аймағы; 2-алаң – Қапал батыр көшесі, «Өндірістік» аймағы, 126.

Жоба тапсырыс берушісі: «ЭКО Шина» ЖШС, мекенжайы: Өл-Фараби ауданы, Бекет батыр көшесі, 35-ғимарат, БСН:070540009816, тел.: +7 (7252) 54-88-09.

Жоба әзірлеушісі: «ЦНИ и ЭЭ «KazEcoHolding» ЖШС, мекен-жай: Шымкент қ. Желтоқсан, көш. 20 «Б», e-mail: [ecocentre2018@mail.ru](mailto:ecocentre2018@mail.ru), тел. +7 7252-23-29-82.

Жобалық құжаттамамен танысу [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz) порталынан қарауға болады. Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: [ecocentre2018@mail.ru](mailto:ecocentre2018@mail.ru), тел. +7 7252-23-29-82.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: [g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz](mailto:g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz), тел.: 8 (7252) 53-02-75.

Zoom конференциясына қосылу үшін сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/2488272026?pwd=JwKR9YzTYMcQB1d0aPW7KIUwGb6jq.1>

Конференция идентификаторы: 248 827 2026

Кіру коды: 123456.

Географиялық координаттары: 42°16'16.6»N 69°42'57.4»E., 42°16'17.4»N 69°44'03.0»E

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту нормативов допустимых выбросов для производства по переработке изношенных шин с получением резинотехнических изделий ТОО «Эко-Шина», а также по программам производственного экологического контроля, управления отходами и плану мероприятий по охране окружающей среды: Дата, время и место проведения слушаний: **23.02.2026** г., в **11:30** по адресу: Индустриальной зоны Оңтүстік 98 площадка 2 по ул.Капал батыра, на территории Өндірістік 126.г.Шымкент

Заказчик проекта – ТОО «ЭКО Шина», адрес: г.Шымкент, Аль-Фарабийский район, ул. Бекет батыра, здание 35, БИН 070540009816, тел.: +7 (7252) 54-88-09.

Разработчик ОВВ: Разработчик проекта: ТОО «Центр научных исследований и экологической экспертизы «KazEcoHolding», адрес: г.Шымкент, ул.Желтоқсан, 20 «Б», e-mail: [ecocentre2018@mail.ru](mailto:ecocentre2018@mail.ru), тел.+7 7252-23-29-82.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz). Дополнительную информацию можно получить по номеру и эл.адресу: [ecocentre2018@mail.ru](mailto:ecocentre2018@mail.ru), тел.+7 7252-23-29-82.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент» по адресу: г. Шымкент, проспект Тауке Хана, 6, e-mail: [g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz](mailto:g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz), тел.: 8(7252)53-02-75.

Ссылка для входа в конференцию Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/2488272026?pwd=JwKR9YzTYMcQB1d0aPW7KIUwGb6jq.1>

Конференция идентификаторы: 248 827 2026

Код доступа: 123456.

Географиялық координаттары: 42°16'16.6»N 69°42'57.4»E., 42°16'17.4»N 69°44'03.0»E

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«SKM NS» ЖШС «Астана қаласы, Сарайшық ауданы, А84 көшесі, №6 жер телімі мекен-жайында орналасқан жапсарлас салынған үй-жайлары және паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені (сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттарсыз)» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

«SKM NS» ЖШС-ның мекен-жайы: Астана қ., Шұбар тұрғын алабы, Арай к-сі, 29/3 үй. Телефоны: 87016392002, e-mail: [aikulim2@gmail.com](mailto:aikulim2@gmail.com)

Жобалық құжаттама пакетімен танысу және барлық ескертулер мен ұсыныстар [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) ақпараттық жүйесінде 26 қаңтар мен 30 қаңтар (қоса алғанда) аралығында мүмкін болады.

Қосымша ақпаратты: +7(771) 5012674 телефоны бойынша алуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «SKM NS» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом, расположенный по адресу город Астана, район Сарайшык, улица А 84 участок № 6 (без наружных инженерных сетей и сметной документации)»

Адрес ТОО «SKM NS»: г.Астана, жилой массив Шұбар, ул. Арай, 29/3

Телефон: 87016392002, e-mail: [aikulim2@gmail.com](mailto:aikulim2@gmail.com)

Ознакомиться с пакетом проектной документации, а также оставить замечания и/или предложения будет возможно в срок с 26 по 30 января (включительно) на информационной системе [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz).

Дополнительную информацию можно получить по телефону: +7(771)5012674.

## УТЕРЯ

Утеряны иностранные бланки разрешений на ИП «BayramTrans61» образца 2025 года на след. страны: Россия (в из третьи страны) (1шт): №0288020.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: [kyzmet\\_kz@mail.ru](mailto:kyzmet_kz@mail.ru)



Меншік иесі:  
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:  
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:  
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Тілші:  
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ

Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Тарату бөлімі:  
Дина ХАЙМЕТОВА

+7771 66 88 765,  
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады

Газет «М-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй

Таралымы 3100 дана. Тапсырыс